

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

«Этнологияның деректік және тарихнамалық мәселелері» пәні бойынша қорытынды емтиханбағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары

«6D02211 Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы

Алматы 2024 жыл

Құрастырушы:

Қалыш АБ. т.ғ.қд., Археология, этнология және
музеология кафедрасының профессоры

(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және
атағы)

«Этнологияның деректік және тарихнамалық мәселелері» пәні бойынша қорытынды
емтихан жүргізу бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде
қаралып, ұсынылды

« ____ » _____ 2024 ж., хаттама

Кіріспе

Докторанттар «Этнологияның деректік және тарихнамалық мәселелері» пәні бойынша емтиханды жазбаша-офлайн форматта тапсырады.

Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, студент емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.
3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулықтар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыйым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзу фактісі анықталса, студент емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Докторанттардың жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесінде сақтайды.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге докторанттардың баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер докторант емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрде жүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Этнологияның теориялық және әдіснамалық мәселелері.
2. Ежелгі және антикалық дәуірдегі этнологияның деректемелік негізі.
3. Орта ғасырлардағы тарихи-этнологиялық дереккөздер.
4. Жаңа дәуірдегі ресейлік тарихи-этнологиялық еңбектер.
5. Жаңа дәуірдегі батыс-еуропалық тарихи-этнологиялық еңбектер.
6. Жаңа дәуірдегі шығыс тарихи-этнологиялық деректер.
7. XIX – XX ғғ. басындағы тарихи-этнологиялық деректер.
8. Шетелелдік этнологиясындағы этнос және этникалық мәселенің тарихнамасы.
9. Қазақтардың этногенезі мен этникалық тарихы шетелелдік және отандық тарихнамадағы.
10. Шетелдік және қазақстандық этнологтардың еңбектеріндегі материалдық мәдениеттің іргелі мәселелері.
11. Шетелдік және қазақстандық этнологтардың еңбектеріндегі рухани мәдениеттің негізгі аспектілері.
12. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының отбасы мене некесінің тарихнамасы.
13. Тарихи-этнологиялық ғылымындағы шаруашылық және мәдени типтердің тарихнамасы.
14. Қазіргі кезеңдегі Орталық Азия және Қазақстан республикала-рындағы этнодемографиялық үдерістер: монографиялық зерттеулер.

15. Отандық тарихнамадағы қазақ диаспорасының мәселелері.

Емтихан тапсыру кезінде докторанттар қабілетті болуы тиіс:

- этнологияға байланысты әртүрлі кезеңдеріндегі деректанулық және тарихнамалық меліметтердің ерекшеліктерін негіздеу;
- жетекші тарихшылар, этнологтар және социологтардың сәйкес пәнаралық әдістерін қолдану және түсіндіру у бағыттарын талдау;
- тарихи-этнологиялық зерттеулер аясында деректану және тарихнамалық мәселелер бойынша алған білімдерін нақты және орынды қолдану;
- деректанулық және тарихнамалық зерттеулерде әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің дәлелденген әдіснамалық тәсілдерінің принциптерін орынды қолдану.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алимбай Н, Муканов М., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы, 1998.
2. Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. (Письменные памятники). – Ташкент, 1985.
3. Выдающиеся отечественные этнологи и антропологи XX века. – М., 2004.
4. Қалыш А.Б. Этнологичның іргелі мәселелері. Оқу құралы. – Алматы, 2013.
5. Масанов Э.А. Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата, 1966.
6. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб.1 (V в. до н.э. – XVIII в. н.э.). – М.-Алма-Ата, 1935.
7. Шалғынбай Ж.Ж. Казахстан в зарубежных источниках и материалах. – Алматы: Кие, 2009. – 568 с.

Интернет-ресурстар (3-5 кем емес)

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>.
2. <http://www.humanities.edu.ru/>.

**«6D02211 Этнология және антропология» білім беру бағдарламасы бойынша
«Этнологияның деректік және тарихнамалық мәселелері»
пәнінен емтихан қабылдау нұсқаулығы**

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл,оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа-33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл.

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға этнологияның деректік және тарихнамалық мәселелеріне байланысты теориясын, бағыттарын түсіндіріп, ерекшелігін саралап, аудиторияда өткен сабақты толық меңгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған. Мысалы, деректер мен тарихнаманың ерекшеліктері толық көрсетілмеген, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде қате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ерекшеліктерді, үстіртін дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Дерек және тарихнамаға қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған	Оқу тапсырмасын толық орындап, қойылған сұраққа жан-жақты, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. Аталмыш пәнге қатысты	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылм

нәтиженің негіздемесі	терминдерді қолдану, ғылыми тұжырымдар жасау.	жалпы деңгейіне әсер етпейді.	шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.		ады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
------------------------------	---	-------------------------------	---	--	---